



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



№4 (593)
30 қаңтар,
2025 жыл

ҚАРЫЗҒА АЛҒАН КӨЛІКПЕН

«ҚАРЫЗҒА БАТҚАҢДАР»



57 жастағы қала тұрғыны Мұрат (есімі өзгертілген) жұмысқа жарамсыз болған соң осыдан тоғыз ай бұрын «Kaspi bank» арқылы автонесие рәсімдеп, «Hyundai Elantra» көлігін сатып алған. Басты мақсаты – такси жүргізушісі болып, нәпақасын табу. Алайда бастапқыда тиімді көрінген бұл несие көп ұзамай бірнеше қиындық тудырған екен. Мұрат несиеңің ай сайынғы 250 мың теңгелік төлемін уақытылы төлеу қиынға соғып жатқанын айтты. Мезгілсіз жұмыс істесе де, табысы қажетті соманы жабуға жетпей, банк алдындағы қарызы күннен-күнге өсіп жатыр.

Оның сөзінше, қазір заңгердің көмегіне жүгінуде. Себебі автонесиеңің төлемін кешіктірген соң, есепшоттары бұғатталған. Бастапқыда оңтайлы шешім болып көрінген несие, қазір отбасындағы тыныштықты бұзып отыр.

– Несиеңің уақытылы төлеу шарт. Бөлінген соманы мерзімінде өтемесеңіз, өзіңізге қиындық туындайды. Таксиден түсетін табысым жетпейді. Отбасыма автонесие өте тиімсіз болып отыр. Пайызы өте жоғары. Менің ойымша, автонесие тиімді емес, – деп пікір білдірді қала тұрғыны.

Кейде жеті рет өлшеп, бір рет кесуді талап ететін маңызды шешімдерді қабылдауда салғырттық танытатынымыз бар. Құдды бір қайтарымы жоқ дүние секілді. Бірақ мұндай оқиға халық арасында жиі кездеседі. Сәйкесінше дүрбеленнің де бекер емес екені анық.

3-бетте



ҚУАНЫШ ЖАЗАЙ:

ЖЫР-ДАРИЯ – СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫМНЫҢ СӘТТІ ЖЕМІСІ

Поэзия – сөз өнерінің асқақ шыңы. Ол қарапайым сөзге жан бітіріп, өнер дәрежесіне көтеретін тылсым құдірет. Орыс ойшылы В.Г.Белинский «Өнердің кез келген түрі өз қызметіндегі материалдармен шектеледі. Ал поэзия – еркін, дыбыстық, картиналық, нақты ойға құрылған сөз көрінісі. Сондықтан поэзияда басқа өнердің барлық элементтері бар» деп сипаттама берген еді. Яғни, поэзия – шексіздік ұғымына пара-пар.

Адамзаттың рухани азығына айналған өлең өнерін жасаушы, әрине, ақындар. Яки, поэзия мен ақын – ажырамас егіз ұғым. Осы орайда қазіргі қазақ поэзиясында түп-тұнық туындыларымен танылып, өзіндік өрнегі мол өлеңдері талғамы биік талай оқырманның жүрегіне жол тапқан жас ақындардың бірі де бірегейі Қуаныш Жазаймен әңгіме орбиттік.

– Алғашқы сұрақты өзіңіздің ғұмыр-баяныңыздан бастасыз... Қанша жасыңыздан бастап қалам тербеп келесіз? Бала Қуаныштың арманы жайлы баяндап бере аласыз ба?

– 1994 жылы дүниеге келдім. Алматы облысы Нарынқол өңірінің тумасымын. Нарынқол десе ойларыңызға бірден Бердібек пен Мұқағали келері даусыз. Жастайымнан өлеңді сүйіп, әдебиетке бір табан жақын болсам, ол осы екі қаламгердің арқасы. Өзіңіздің де хабарыңыз бар шығар, біздің өңірде Мұқағалидың өлеңін жатқа білмеу өте ұят саналады. Жас балалар бірінен-бірі ақсыз кеп ақын жырларын жарысып жаттайды. Мен де Мұқағалиды жаттап жүріп, поэзияның сиқырлы әлеміне қалай енгенімді, кейін өзім де қалай өлең жазып кеткенімді аңғармай қалдым...

Бала кезде мүсінші болуды армандадым. Бұл арман қашан, қалай көкірегімде ұшқын атқаны есімде жоқ. Тек ермексазбен әлдененің мүсінін ұқсата алмай әуреленіп отыратыным есімде қалыпты...

13 жасымнан бастап өлең жаздым. Сол кезде-ақ жазған дүниелерім газет-журналдарға шығып, ерте таныла бастадым. Десе де бала күнгі арманның ұшқыны көкірегімде әлі де тұр. Әлі де мүсінші болғым келеді. Мызғымас бір мүсін сомдасам деймін. Бірақ бұл жолы ермексазбен емес, әрине...

4-бетте

КАРТОП, қайда барасың?

Осыдан 2-3 жыл бұрын қанттың қат дүниеге айналғанын айтып дабыл қаққанымыз бар. Басына «бак» қонып, құны артқан тауарға тәннен кезекке тұратындардың қатары артты. Төмен бағада саудаласуға әлеуметтік дүкен аралағандар қап-қаптап қоймасына сүйресе, пысықайлар пұлдан, қалғасын компайтуды көздейді. Ол күндер артта қалды ғой. Бірақ мұнымен қанттың бағасы құлап, қолдағы барға айналды деп те айта алмаймыз. Өйткені бұл мәселе әлі де өзекті. Жә, бүгінгі айтпағымыз қанттың «құндылығы» емес, картоптың түйткілі.

Жылан жылы келді дегеннен тосыннан картоп тапшылығы топ етті. Тіпті өңірлерде 5 келден артық сапнауға қатысты қатаң шектеу қойылды. Мұны білген кәсіпкерлер әдеттегідей картопты қоймасына жасырды. Бес келінің өзін таппай сенделген қалың қазақ дабыл қағып, шу шығара бастады. Мәселеге қатысты билік басындағылардың баяндамасына сенсек, картоп қоры ішкі қажеттілікті қамтамасыз етуге толық жеткілікті екен. Алайда саудагерлер «мәселе тереңде жатыр» деп мұнымен келіспейді. Өйткені қазір әлемде картоп тапшылығы туындап отырған көрінеді.

7-бетте



КӘСІП:

2025 ЖЫЛДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Кәсіп – қоғамның экономикалық, әлеуметтік және инновациялық дамуының маңызды қозғаушы күші. Өңірде бұл сала қарқынды дамып, мемлекет тарапынан жыл санап мүмкіндіктер қатары артып келеді. Осының арқасында аймақ бюджеті 2024 жылы 750 млрд-ты құрап, жұртшылықтың әлеуметтік хәлі мен жалпы өңірдегі өмір сүру сапасы жақсарып келеді.



Өңірдегі ахуал

Облыстағы бизнес субъектілері тек сауда және қызмет көрсету саласымен ғана шектелмей, ауыл шаруашылығы, өндіріс және инновациялық технологиялар бағытында да ілгерілеп келеді. Қазіргі таңда Қызылорда облысында шағын және орта кәсіпкерлік қарқынды дамуда. Қызылорда өңірінде барлығы 65258 шағын және орта кәсіпкерлік субъекті жұмыс істейді. Бұл кәсіпкерлікте 116832 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Бұл бағыт бойынша жастарға да қолдау жеткілікті. Мәселен, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының хабарлауынша, 39,4 млн теңгені құрайтын 8 жоба мемлекеттік грантка ие болса, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 36 жоба 294,4 млн теңгеге, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 59 жоба 339,5 млн теңгеге қаржыландырылды.

2-бетте

Қалихан СЕРІКБАЙ:

ТАУ-КЕН — ЕРЕКШЕ ӘРІ КҮРДЕЛІ САЛА

Тау-кен саласында еңбек етуге қызығасыз ба?

Екінші бірі бұл мамандықты таңдай бермейтіні анық. Өйткені жер астына түсіп, кен игеруге мықты денсаулықпен қатар, батылдық пен жауапкершілік қажет.



5 бетте



Басы 1-бетте

КӘСІП:

2025 ЖЫЛДАҒЫ ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР МЕН МҮМКІНДІКТЕР

Бизнесті жүргізуді оңтайландыру мақсатында «Бизнесті арналған үкімет» платформасы жұмыс жасайды.

Ауылдық өңірлерде де кәсіп бағыты ауқымды жұмыстармен қарқынды даму. «Ауыл аманаты» жобасының арқасында кейінгі екіжылдықта 601 жоба жүзеге асып, 917 жаңа жұмыс орны ашылған. 2025 жылы аталған жоба аясында 5,5 млрд теңгені құрайтын 815 жоба іске қосылып, 1060 жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Кәсіпкерлерге арналған жобалар туралы білесіз бе?

Бизнес бастағысы келген жандар үшін бірқатар бизнес бағдарлама жұмыс іске қосылған. Мәселен, «Бастау Бизнес» жобасы – бағдарлама қатысушыларын кәсіпкерлік дағдыларға, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтерін қалыптастыру қағидадарына оқытуға, сондай-ақ олардың бизнес жобаларын сүйемелдеуге бағытталған.

Жобаға қатысушылар: жұмыссыздар, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, мүмкіндігі шектеулі жандар мен тіркеу мерзімі 3 жылға дейінгі ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер.

Бизнес туралы білім алу курсының ұзақтығы – 1 ай. Оқытуды бизнес-жаттықтырушы оқытудың заманауи әдістемелерін пайдалана отырып, интерактивті түрде жүргізеді. Жеке оқыту бизнес-жоспарды дайындау немесе бизнес-жобаны дамыту бойынша кеңес беруді қамтиды. Бизнес-жобаны қорғағаннан кейін қатысушылар гранттар мен микрокредиттер түрінде бастапқы капиталды алады. Бизнес-нұсқаушы бизнесті іске асыру процесін бірінші пайда алғанға дейін сүйемелдейтін болады.

Одан бөлек, кәсіп ашқысы келгендер қайтарымсыз мемлекеттік грантты ұтып алуға мүмкіндігі бар. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткен немесе «Еңбек» бағдарламасының бірінші бағыты шеңберінде қысқа мерзімді оқытуды аяқтаған және бұрын басқа мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде гранттар алмаған «Еңбек» бағдарламасының қатысушылары мемлекеттік гранттар алуға үміткер атана алады.

Сондай-ақ 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Мемлекет басшысының Жолдауы негізінде ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жастарға жеңілдікпен шағын несие беру ережесін бекітті. Бұл бағдарлама арқылы 21-35 жас аралығындағы жеке кәсіпкер



Сурет ашық деректерден алынды

ретінде тіркелген азаматтарға 5 млн теңгеге дейін несие беріледі. Бұл бағытта осыған дейін 812 млн теңге қаржы несиеге берілген. Сыйақы мөлшерлемесі жылына 2,5%, ал несиеді қайтару мерзімі мал шаруашылығы үшін 7 жылға дейін, басқа салаларға 5 жылға дейін.

Несиеді қайтару жеңілдік кезеңі несие мерзімінің үштен бірін құрайды. Кепіл ретінде жылжымалы және жылжымайтын мүлік қабылданады. Шағын несие беру туралы шешімді әкімдік жанындағы комиссия қабылдайды, ал үміткерлер өз бизнес-жобаларын комиссия отырысында таныстырады. Жоба әлеуметтік маңызы бар, өміршең, экономикалық тұрғыда негізделген болуы керек.

Салық салмақ салмаса...

Бүгінде кәсіпкерлер үшін салықтың жүктемесі күрделі мәселе. Алайда 2023 жылы қалалық және аудандық мәслихаттардың шешімдерімен бөлшек салықтың арнаулы салық режимі бойынша мөлшерлеме 4%-дан 2%-ға дейін төмендетілді. Бұл қадам шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында қабылданып, кәсіпкерлер үшін салықтық жүктемені азайтты. Осы өзгерістердің арқасында бизнес иелері

қосымша қаржы ресурстарына қол жеткізіп, өз кәсіптерін дамытуға мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда облыс бойынша бұл арнаулы салық режимін 1628 кәсіпкерлік субъектісі қолдануда. Бұл көрсеткіш өңірдегі шағын бизнес үшін салықтық жеңілдіктердің тиімділігі мен маңыздылығын айқындайды.

Қызылорда өңірі кейінгі жылдары кәсіпкерлік саласында жаңа идеяларды жүзеге асыру мен бизнестің дамуына қолайлы алаңға айналып келеді. Мемлекеттік қолдау, жастарға арналған арнайы бағдарламалар және әртүрлі салалық даму мүмкіндіктері өңірдегі кәсіпкерліктің қарқынды дамуына серпін беруде. Бұл бағыттағы жұмыс нәтижесінде бірнеше кәсіпорын ашу мен жаңа бастамалар қолға алынып, өңірдің экономикасына елеулі үлес қосуда. Сонымен қатар жергілікті әкімдік пен түрлі ұйымдар кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетіп, бизнесті дамытуға қажетті барлық ресурсты ұсынуда. Осының бәрі облыстың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған жұмыстардың негізі. Келешекте де бұл үрдіс жалғасып, Қызылорда өңірі кәсіпкерлік, инновация және өркендеу жолында үлкен жетістіктерге жететініне сенім мол.

Нұршат НЫШАНОВА

Жаңақорған ауданында былтыр Шалқия, Құттықожа, Кейден ауылдары табиғи газға қосылды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен брифингте белгілі болды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын баяндаған аудан әкімі Мәжит Самитов өткен жылы газдандыру жобаларына 5,3 млрд теңгеден астам қаржы бөлінгенін айтты.

ГАЗБЕН ҚАМТУ КӨРСЕТКІШІ АРТТЫ



«Төменарық ауылы мен Жаңақорған кентінің қалып кеткен аумақтары толық газдандырылды. Әлеуметтік жағынан осал топтағы отбасыларына сатып алынған үйлерді газбен қамту жұмыстары да жүргізілді. Жаңақорған автоматты газ тарату станциясының қуаты 20 мың куб сағаттан 40 мың куб сағатқа кеңейтілуде. Бұл жоба сәуір айында аяқталатын болады. Жалпы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде аудан халқын газбен қамту көрсеткіші 54 пайызға жетті», – деді аудан әкімі.

Мәжит Самитовтың айтуынша Төменарық елді мекеніне тартылған газ құбыры өтетін аумақта орналасқан тағы 5 елді мекенді (Сунақата, Еңбек, Екпінді, Қожамберді, Сүттіқұдық) газдандыруға демеушілер есебінен жобалар әзірленген. Жобалардың жалпы құны 5,6 млрд теңге.

«АЖ» ақпарат



Ұрлық – қоғамдағы ең кең таралған құқық бұзушылықтардың бірі. Адамның жеке мүлкін заңсыз иемдену, меншік құқығын бұзу заң алдында ауыр қылмыс. Әрбір азамат өз мүлкін қорғауға құқылы, сондықтан мемлекет тарапынан бұл мәселе қатаң реттеліп, тиісті заңдар қабылданған. Мақалада Қызылорда қаласының полиция басқармасы ұрлықтың жазасы, оның түрлері және сақтану шаралары туралы тереңірек тоқталып, ескерту жасады.

ҚЫЛМЫСПЕН КҮРЕС — ОРТАҚ МІНДЕТ



Өңірдегі ахуалға шолу жасасақ, 2024 жылы аталған қылмыстың тіркелуі 27,4%-ға төмендеген. Қызылорда қалалық полиция басқармасының статистикалық мәліметі бойынша, 2023 жылға қарағанда заңбұзушылықтың эшкері болуы 7,5%-ға, оның ішінде орта санаттағы қылмыстық істер 3,9%-ға, ауыр қылмыстық істер 8,6%-ға жоғарылаған.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне ұрлыққа байланысты баптар нақты көрсетілген. Әдетте, ұрлық жасаған адамға әкімшілік немесе қылмыстық жаза қолданылады. Егер ұрланған мүлктің құны аз болса, ол адамға айыппұл салынады немесе қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы беріледі. Ал егер ұрлық қайталанса немесе ірі көлемде жасалса, қылмыскерге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Мысалы, Қазақстанның Қылмыстық кодексінің 188-бабы бойынша мүлкті ірі көлемде ұрлау 5 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын қарастырады. Ұрлық ауырлығы мен түріне қарай қатаң жазланады.

– 2023 жылға қарағанда өткен жылы қылмыстың бұл түрі азайды. Ұрлық көбіне адамдар көп шоғырланған, базар секілді қоғамдық орындарда жиі орын алатын. Әсіресе – қалта ұрлығы. Бүгінде оның алдын-алу немесе болдырмау мақсатында профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Ал айыптылар үстінен қылмыстық іс қозғалып, абақтыға қамалды.

Қала қонақтары мен тұрғындары! Сіздерді аталған қылмыстан сақ болуға және алдын алуға шақырамыз. Ұялы байланыс құралы, маңызды құжаттар мен әшекей бұйым секілді құнды заттарға мұқият болып, бөгде адамдарға көрінетін жерде қалдырмауларыңызды сұраймыз.

Көбіміз елемейміз мүмкін, дегенмен қылмыскер ұрлыққа түсер алдында сізді барлайды. Егер үйіңізде адам болмаса, үйдің жарық шамдарын қосып кетуге, тонауға себеп болатын жағдайлардан алшақ болуға шақырамыз, – дейді Қызылорда қалалық полиция басқармасының маманы Айдос Амангелдиев.

Сондай-ақ ұрлыққа қатысты жалған ақпарат берген азаматтарға қарасты заң бар. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 419-бабына сәйкес, көрінеу жалған ақпарат берген азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Бұл заң азаматтардың жалған хабарлама беруін болдырмауға және құқық қорғау органдарының жұмысына кедергі келтірудің алдын алуға бағытталған.

Атап айтқанда, жалған ақпарат бергені үшін 33 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) мөлшерінде айыппұл салынады (2025 жылы 1 АЕК – 3 932 теңге, сондықтан айыппұл шамамен 130 000 теңгені құрайды), ескерту немесе қоғамдық жұмыстарға тарту, сондай-ақ түзеу жұмыстары түріндегі жаза қолданылуы мүмкін, сондай-ақ жалған ақпарат қоғамға немесе мемлекеттік қызметке елеулі зиян келтірсе, бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін.

Ұрлық – қоғамға үлкен зиян келтіретін құқық бұзушылықтардың бірі. Әрбір адам жеке сақтығына жауапты болуы тиіс. Заң қатаң болса да, ұрлықтың болмауына алдын ала шаралар қабылдау маңызды. Қауіпсіздік жүйелерін қолдану, мүлкті қорғау және ұқыптылық – ұрлықтың алдын алудың басты кілті.

Қорлан САРЫ

Басы 1-бетте

ҚАРЫЗҒА АЛҒАН КӨЛІКПЕН

«ҚАРЫЗҒА БАТҚАНДАР»

БАҒДАРЛАМАНЫҢ КЕШЕГІ АХУАЛЫ

Иә, көлік бүгінде жай тасымал құралының қызметін атқармайды. Адамдардың әлеуметтік мәртебесінің де көрсеткішіне айналғандай. Дегенмен темір тұлпардың иесі атану да бірден қол жеткізетін дүние емес. Себебі кейінгі жылдары оның құны айтарлықтай өсті. Ал мұндайда, әрине, автосенсе халық үшін балама шешімге айналды.

Бірден мәселенің тамырынан баспай, ақпараттарға зер салсақ, Несиенің бұл түрі аты айтып тұрғандай, қаржы ұйымдары ұсынатын автокөлік сатып алуға бағытталған несиенің арнайы түрі. Оның негізгі шарттарына пайыздық мөлшерлеме, алғашқы жарна,

болды. Іске қосылған алғашқы минутта-ақ сайтқа 125 мың адам кіріп, өтінім берген. Ал 18 секундта 761 адам көлік алуға ниеттеніп, ниетін өтінішке айналдырып үлгірген. Сол жылы экономист Мақсат Халық «Aiqyn.kz»-ке берген сұхбатында «Біз керісінше, отандық автоөндірісті қолдаймыз деген желеумен экологияға одан әрі зиян келтіріп жатқандаймыз» деген еді. Сала маманының айтқанына тағы бір зер салсақ:

«Бұл автосенселеу «Оператор РОП»-тан бөлінген қаржы негізінде басталды. Бірақ ол утильалымның негізгі мақсаты – экологиялық жағдайды жақсарту болатын. Яғни, бөлінген қаржы соған бағытталуы тиіс еді. Ал біз керісінше, отандық автоөндірісті қолдаймыз деген желеумен экологияға одан әрі зиян



несие мерзімі және қосымша шығындар жатады. Елімізде автосенсе жаңа және қолданылған көліктерге арналған деп негізгі екі бағыт бойынша ұсынылады. Ал шарттары әр автоорталық пен банкте әртүрлі.

Бірі білсе, бірі білмес, 2015 жылы жеңілдікпен автокредит беру бағдарламасы іске қосылды. Жеке тұлғаларға отандық өндірістің жеңіл автокөлігін сатып алуға кредит беру шартында сыйақының номиналдық мөлшерлемесі 4%-дан аспайды. Кредиттеу мерзімі 7 жылдан, ал жеңіл автокөліктің құны 15 млн теңгенден аспауы қажет. Бағдарламада қаржыландырудың револьверлік сипаты да қарастырылған еді, яғни, қолданыстағы кредиттерді өтеуден түскен төлемдер автосенсе беруге қайта жіберіледі. Ал жеке тұлғалардың төлем қабілеттілігін қараумен, тексерумен және олардың қарыздарын мақұлдаумен екінші деңгейдегі банктер айналысады. О баста 20 жылға жоспарланған бұл бағдарламада қаржыландырудың жалпы лимиті 82 млрд теңгені құраған. Оның ішінде Ұлттық қор қаражатынан 26 млрд теңге, республикалық бюджет қаражатынан 16 млрд теңге және ҚР Ұлттық Банкі қаражатынан 40 млрд теңге қарастырылған. Ал бағдарламаның тағдыры не болды?

18 СЕКУНДТА 761 АДАМ

2 жылды артқа тастап, 18 секунд туралы ойласақ. Иә, 2023 жылдың басында 4%-бен автосенсе алуға өтінім қабылдау басталып, платформаға кіргендердің қарасы қалың

келтіріп жатқандаймыз. Қазір бұл қаражат жеңілдетілген несиені жүзеге асыру үшін банктерге беріліп жатыр. Ал шын мәнінде банктер өздері 4%-бен несие бермейді. Банктердің бүкіл шығыны осы қаражаттың есебінен алынады. Осылайша, қаржыны банктерді қолдауға жұмсап жатырмыз. Яғни, банктерді қолдаудың екінші тәсілі сияқты. Одан да бұл ақша экологияны қорғауға жұмсалғаны игі еді. Екіншіден, берілетін несие саны шектеулі ғана. Жеңілдетілген автосенсеге қол жеткізе алатындар саны оны қажет ететіндерден бірнеше есе аз. Себебі, көлік алып, ескі көлігін жаңалағысы келетіндер көп. Осылайша, несиеге ие болғысы келгендер санаулы топтың ішіне кіру үшін түрлі әрекетке барады. Қолдан әдейі бюрократиялық кедергілер жасалады. Банктер несие бергенмен автосалонда көліктер болмай қалуы мүмкін. Сөйтіп, қолдан дау-дамай тудырады. Өз кезегінде адамдар сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жасауға мәжбүр болады. Енді қазір онлайн платформа іске қосылмақ екен. Әрине, цифрлы технология аз да болсын түрлі схемалардың жолын байлауы мүмкін. Бірақ ол қалай жүзеге асырылады, қаншалықты киберқауіпсіздік қамтамасыз етілген, ертеңгі күні өтінімдердің көптігінен база істен шығып қалмай ма, азаматтар тағы да қосымша құжаттар бермейді»



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУҒА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының хабарлауынша, жүргізуші куәлігін алуға арналған теориялық және тәжірибелік емтиханға тек ХҚКО қосымшасы арқылы ғана жазылуға болады.

«ХҚКО» қосымшасының барлық қолданушысы екі факторлы аутентификациядан өтеді. Алдымен биометриялық идентификация, кейін 1414 нөмірінен келіп түскен SMS-код арқылы өзінің жеке басын растайды. Одан кейін жүргізуші куәлігіне үміткер «Теориялық емтиханға жазылу» немесе «Тәжірибелік емтиханға жазылу» батырмасын таңдайды. Бұдан соң қызмет алушыға 1414 нөмірінен ха-

барлама келіп түседі. Айта кету керек, SMS хабарлама мобильді азаматтар базасына тіркелген телефон нөміріне жіберіледі, – делінген хабарламада.

Қосымша арқылы емтиханға жазылу үшін алдын ала Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына жүгініп, өтінім нөмірін алу қажет. Сервис емтихан уақыты мен емтихан тапсыру кестесіндегі өзгерістер туралы

жинауға мәжбүр болмай ма деген сияқты сауал көп.

Процестің қалай жүзеге асатыны да күмәнді. Яғни, онлайн платформа бұл мәселенің толық шешімі емес және өтінім қабылдау процесі кезіндегі сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл болады деп кепілдік бере алмайды» деген еді.

Көп ұзамай 4%-ға жеңілдетілген автокредит енді тек автобустар сатып алуға ғана берілетіні хабарланған еді. Сол уақытқа дейін 13335 несие берілді. Ал бағдарлама мақсатының өзгеруі туралы жауапты қор «Қазір автокөліктің ең сұранысқа ие түрі – автобус болып тұр. Енді қаражат тек лизингпен автобус алуға бөлінеді» деп түсіндірді. Сонда да сауал ашық қалды. Өтінім бергендердің санына қарап, халыққа қажет бағдарлама дерсіз.

Ал былтыр қазанда Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев баспасөз мәслихатында 4%-дық несие туралы айтты.

– Жеңілдетілген несиеге ешкімнің көңілі толып отырған жоқ. Себебі түсінікті, ниет білдірушілер көп, ал бөлінетін ақша шамалы. Бірақ автоөндірушілер де, қаржы нарығы да бір орында тоқтап тұрмайды. Мысалы, қазір Үкімет заңнамалық тұрғыда жеке тұлғаларға лизингті енгізу тетігін қолдап отыр. Екіншіден, автокөлік сататын компаниялардың өзі әртүрлі қаржылық құралдарды пайдаланып, көлікті бөліп төлеуге болатын жағдай жасады, – деді ол.

ЖАРНА СІЗДЕН, КӨЛІК БІЗДЕН

Жастар да темірді тізгіндеп, тұлпардың иесі болуды қалайды. Алдымен жүргізуші куәлігін алуға асығады, кейін өз көлігі болғанын армандайды. Бірі ақша жинаса, енді бірі алғашқы жарнаның құнын құрап, қалғанын қарызға алуға асығады.

Күні кеше 21-ге толған қала тұрғыны Елдос Төкешұлы су жаңа көлікті алуды мақсат етіп, айлығынан артылған ақшаны жинауға дағдыланған. Қазір қолында 900 мың теңге бар екен. Көлік базар, Olx.kz, Kolesa секілді қосымшаларда қалағаны жоқ, ал көргенін ұнатпаған. Сонғы үміті автосенсеге екен. Ал автоорталық не ұсына алады?

Өздеріңізге белгілі, несие рәсімдеп су жаңаны да, өзгенің жолында ескірген көлікті де ала аласыз. Өйтседе айырмашылығы бар секілді. Мысалы, 2019 жылғы, жүрілген Toyota Corolla-ның құны 7 миллион 900 мың теңге. Ал 2013 жылғы Hyundai Santa Fe үшін автоорталықтар 8 миллион 260 мың теңге сұрап тұр. «Қолжетімді» деп көрсеткендерінің арасында 1995 жылдан бері қызмет еткен Mercedes-Benz болды. Бұл көлік үшін қолыңызда 2 миллион қаражатыңыз болса болғаны...

Таңдау, қарау, салыстыру ауқымды жұмыс. Ал автосенсе рәсімдеу оңай шаруа. Қолыңызда жеке куәлігің болса, бақ сынауға болады, әрине.

Орысша үн қатқан менеджер алғашқы жарна кем дегенде 10% болу керек екенін түсіндірді. Ал

жаңа көлікті тізгіндеуді қаласаныз, арнайы бағдарламаға ілініп, алғашқы жарнасыз да алуыңыз мүмкін. Бірақ авто-

орталықтың ішінара бағдарламаларына сақ болып, қарайлауыңыз қажет.

Автосенсе үшін банк пен автоорталық өзара келісімге отырады. Сіз арнайылап банкке де бармайсыз. Орталықтың ішінде отыратын менеджерлер есептеп, ай сайын төлеу қажет төлемді де есептеп береді. Негізгі талап әр орталықта бірдей. Кредиттеу мерзімі 7 жылдан артық емес, ал көліктің құны 15 миллионға дейін.

АЗАЙДЫ МА, ӘЛДЕ АРТТЫ МА?

Көзді бір жыл артқа «тастасақ», мамыр айында қазақстандықтардың автосенсеге сұранысы 10%-ға төмендеді. Несие беру сомасы 7%-ға, ал қарыздар саны 10%-ға қысқарды. Ал биыл 1 қаңтарда автосенсе портфелі 3,6 трлн теңгеге жетті. Бір жыл ішінде ол 44,8%-ға өскен. Бірінші несиелік бюро бас директоры Руслан Омаров автосенсе бойынша жасалған келісімшарттың жалпы саны 591 мыңнан асқанын айтты. Ал борышкерлер саны 559,2 мың шамасында. Екі көрсеткіш те өткен жылмен салыстырғанда артқан.

Былтыр 1,8 трлн теңге автосенсе берілген. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 13,2%-ға артық. Несие алушылардың саны 214 мың адамға жетіп, 10,2%-ға өсті, ал жасалған шарттар – 228,4 мың. Бұл да алдыңғы жылмен салыстырғанда 5,7%-ға көп. Автосенсе шарттары бойынша орташа қарыз 8 млн теңге шамасында. Желтоқсан айында 25 600 көлік сатылып, 26,7 мың несие берілді. Ал автокөліктердің құны 6,4%-ға қымбаттаған. Несиенің ең көп көлемін екінші деңгейлі банктер берген.

Сандарды «оқу» барысында Қазақстанның Даму Банкі ұсынған деректермен де таныстық. Өткен жылдың 24 қаңтардағы жағдайы бойынша екінші деңгейдегі банк отандық көлік өндірушілердің автокөліктерін сатып алуға жалпы сомасы 89 081 млн теңгеге 17 265 кредит мақұлдаса, жыл соңында 30 желтоқсандағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банк отандық көлік өндірушілердің автокөліктерін сатып алуға жалпы сомасы 97 374 млн теңгеге 18 080 несие берген.

Автосенсе бірде тиімді тетік ретінде көрінгенімен, оның уақытылы төленуі қажет екенін ұмытпаған жөн. Егер қайтара алатын «күшіңіз» болса, оңтайлы шешім-ақ. Ал борышкер атануыңыз бір-ақ сәтте. Есепшотыңыз бұғатталып, тынысыңыз тарылады. Сондықтан автосенсін қарызға «батпауға» және отбасылық бюджетке зиян келтірмеуге сенімді болған жағдайда ғана рәсімдеген дұрыс.

P.S. Темір тұлпарды тізгіндеу – еркіндік пен жайлылықтың символы. Бірақ бұл еркіндіктің құны өз мүмкіндігіңізден аспағаны абзал. Қарызға алынған көлік табыс көзі емес, қаржылық жауапкершілік екенін есте ұстаған жөн.

Инжу МАРЖАН



пайдаланушыларға хабарлап отырады. Сондай-ақ қосымша ХҚКО-ға бару уақытын брондауға, электронды кезек үшін талон алуға, қызықтырған халыққа қызмет көрсету орталығының мекенжайын табу және өзекті сұрақтармен танысуға мүмкіндік береді.

ХҚКО қосымшасын «Google Play» және «App Store» арқылы жазып алуға болады.

«АЖ» ақпарат

«ТАЗА ҚАЛА»

Қызылорда...
Бір қараңғы, бір жарық,
Сылып басып баратады тұң-гәріп.
Күннен бұрын оянады бұл қала,
Қиң сияқты дәл өзі де нұрланып.

Содан болар тұрады артып ырысы,
Жиілейді көшелердің тынысы.
Жарқыраған бұл қаланың әуелі,
Тілазықтан басталады жұмысы...

...Қалай ғана мақтамайсың жақсылап,
Мына бір жайт көңіліңе жатса ұнап:
Уыс-уыс қиы мақтырса жел-бала,
Бірден жерге түсіріместен қақып ап...

Сондай қызық көрініс, ө!
Бір көрсең!
Қалт жібермей тек бақылап үлгер сен.
Ойыны осылып,
Жел қайтады «үйіне»,
Бұл ісінен тұқ шықпасын білген соң.

Тілің бойы «қыдырыстап»...
Сасқанда,
Сап түзейді тәртіп сақтап тастар да.
Ала жаздай күн шіжіген тал-терек
Ұялады жапырағын тастауға.

Жапырақты үзіп алмай құстар да,
Сақтайды әдеп - қонғанда да, ұшқанда.
Қарап тұрап кірпік қақпай таңырқап,
Тілаза қала, «Тілаза Қазақстанға»...

Мен көргелі,
Мен қаланы кезгелі,
Көрініс бұл - көңілдегі, көздегі.
Күннен бұрын оянады бұл қала,
Күнді сосын оятады өздері.

Көзді арбайды шұғылаға толы Көк,
Ғыр тұнады -
Құшырады төңірек,
Күн тұрады ол да мендей таңырқап:
«Міркін, қандай таза қала еді!» деп...

КЕМЕЛЕР...

Есіңе салар көнені,
Ұрпады уақыт...
Қоймады, ә?!
Бұл маңның «сені» кеме еді,
Қорғаны оның - кейуана.

Алыс та жақын төңірек,
Екеуін жақсы білетін.
«Малының көзі еді» деп
Кемелі қорып жүретін.

Ол кезде «ұры» көп еді,
Бәрі де «ұры» - осы нақ,
Бәлшектеп сатып келені,
Тіламағын жатқан асырап...

Күнмен болсын,
Тіліңмен,
Тілің аусын,
Қалсын тап таң, -
Алысып жүріп «ұрымен»,
Кейуана қалды аяқтан.

Сал болып жатыр осы күн,
Кездер-ай, кездер қайда өктемі?!
Малынан сирап кешірлі,
Қарайды өзгер әйнектен.

Қайранға қойған «шідерлеп»,
Қорғаныс кеме зорға тұр.
«Ұрылар» бәрін түгендеп,
Оған да көзін салды ақыр.

Ауыр-ау,
Ауыр құр қарау,
Тілоынатқын түрі жоқ,
Кеме қоритын ұл ма анау?!
Ол да жүр бірге «ұры» боп.

«Ұры» дегені ел еді,
Кінәлап бекер аптықан.
Елде де кінә жоқ еді,
Жоқтықтан бәрі!
Жоқтықтан!

Ашудың асау толқыны,
Тілапап өтуге шақ күйде,
Сол күні құрғыр...
Сол күні,
Бәрін де сезіп жатты үйде.

Қарғасын, Ұрысын, Жыласын, -
Олар ма шұңғы естілік?
Дәуірдің алтын шұңғысын,
Кескілеп жатты! Кескілеп!

«Тілап шұңдай өмір... бейдауа,
Не керек, - деді, - не керек?»
Тіларды да кенет...
Кейуана
Тілар ете қаиды...
Кеме боп...



Басы 1- бетте



ҚУАНЫШ ЖАЗАЙ:

ЖЫР-ДАРИЯ — СЫР ЕЛІНЕ САПАРЫМНЫҢ СӘТТІ ЖЕМІСІ

– Былтыр жаз айында Сыр еліне ат басын бұрдыңыз. Сапардың басты себебі Жазушылар одағының жақсы бір жобасы болатын. Осы жоба хақында тарқатып айтып бере аласыз ба? Қанша қаламгер қатысты? Қандай талаптар қойылды? Бүгінде нәтижесі қалай дегендей...

– Былтыр Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп, жас ақын-жазушыларды қолдауға және олардың шығармашылығын дамытуға бағытталған 3 бірдей стратегиялық жобаны жүзеге асырды. Соның бірі – «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы». Жобаға еліміздің түкпір-түкпірінен іріктелген 20 жас қаламгер қатысты. Олар 17 облыс пен Астана, Алматы, Шымкент сынды 3 үлкен қаланы аралап, әрқайсысы өзіне тиесілі өңірді туандыларына арқау етті.

Жоба аясында жазылған шығармалармен танысып үлгермедім. Алайда жақсы дүниелер жазылғанына сенімім мол. Оған алдағы уақытта сыншылар мен көзі қарақты оқырман өз бағасын бере жатар.

– Енді Сыр еліндегі сапарға ойыссак. Туындыларыңыздан аңдағаным, аймақтағы барлық ауданды аралаған секілдісіз. Әсеріңіз қандай? Ерекше есте қалған, яки сізді қатты таңқалдырған немесе толғандырған дүниелер бар ма? Осы жайлы сыр шертсек...

– Жобаға қатысушы әр қаламгер шығармасына арқау болатын облысты, немесе қаланы өздері таңдап алды. Маған Қызылорда облысы бұйырғанына қуандым. Өйткені Арал, Сырдария, Жанкент, Байқоңыр, Бегім-Ана, Қорқыт ата... тізім осылай жалғасып кете береді. Мұның бәрі жазуға сұранып тұрған әрі жанымға жақын тақырыптар еді. Екі апталық сапарымда Сыр өңірін түгел дерлік аралап үлгермедім. Бірақ өзім барғым келген жерлерді басып өттім. Сапар мақсаты шығармашылық ізденіс болғандықтан табаным тиіп, көзім жеткен жердің бәрін зер сала қарадым. Ештенені қалт жібергім келмей, өлеңге арқау болатын соны дүниелер іздедім. Және сол іздегенімді артығымен таптым! Бір сөзбен айтқанда, Алматыға үлкен қазынамен оралдым.

Сапар барысында мені толғандырған дүниелер аз болмады. Арал теңізінің қасіретін жүрегімнен сезіндім. Теңіз тартылған сон үдере көшкен елдің жұртын көріп қапаландым. Қараусыз қалған кемелердің тоналғанын естіп, көне жәдігерлерімізді қорғай алмайтын, реті келсе бүлдіруге әзір тұратын ел екенімізге жаным ауырды... Байқоңырдан бір бөтендікті сезіп жүрегім шым етті...

Көңіліме жайлылық сыйлаған дүниелер де аз емес. Жалағаш, Шилелі, Жаңақорған аудандарының қарқынды дамып келе жатқаны, ондағы халқының еңбеккер екені мені қуантты. Таң ауылып көріп, Н.Лиясов ауылы жайлы естігенде еліміздегі әр ауылы осылай гүлдегенін арман еттім...

Осының бәрі жаңа туындылар жазуыма түрткі болды. Дегенмен бізге берілген уақыт шектеулі болғандықтан жазғым келген дүниелердің үштен бірін ғана аяқтай алдым. Жоғарыда аталған жоба аясында «Жыр-Дария» атты кітап басылып шықты. Көрер жарығымыз болса, Сырдағы әкпейіл елдің құрметіне, маған көрсеткен жанашырлығы мен қонақжайлығының құрметіне ойда жүрген дүниелердің бәрін дерлік жазуға ниет етіп жүрмін.

Осы орайда Сыр еліндегі әр сапарымның сәтті болуына барын салған Қаршыға Есетімігітова ханымға және қол ұшыны

созып, қолдау көрсеткен барша жанашыр жандарға алғысымды білдіремін!

– Жағалауында жүресек те сырлы ұқпаған Сырдария мен Арал сіздің өлеңіңізде өзгеше ақтарылған екен. Туындылардағы әрбір теңеу тұла бойды тітіркендіріп, тіпті жанарымызға жас үйірді... Өлеңнің азабы да, ғажабы да мол. Көзбен көріп, көңілге түйгеніңізді қағаз бетіне түсіру үшін қанша уақыт жұмсалдыңыз? Қандай да бір қиындықтар болды ма?

– Кітаптың материалын өткізуге 1 ай қалғанда ғана жазуға отырдым. Одан ертерек бастауыма да болатын еді, алайда көрген, жинақтаған дүниелерімді қорытуға, ой түйуге, ойлаған нәрсені өне бойыммен сезінуге біраз уақыт шығындап алдым. Оның үстіне шалажансар ойлармен ақ паракты былғауға арландым. Жазу барысында да біраз қиындық болды. Көңіліңдегі көрікті ой сол қалпында қағазға түссе жақсы, түспесе – бейнет. Мен сияқты перфекционист адамға бұл екі есе жүк. Тәулігіне 15-20 сағат бойы жазу үстеліне өзінді байлап қою да оңай емес. Бірақ мұның бәрін қиындықтан гөрі азапты ләззат ретінде сезіндім. Осылай шығармашылықпен армансыз айналысуға мүмкіндік сыйлаған жобаға дән ризамын.

Сондағы өлеңдеріме жақсы пікір айтып отырсыз. Демек, жаман дүние жазбаған шығармын...

Осы Сыр елінің тумасы, классик ақын Жарасқан Әбдіраш бір эпиграммасында Жұматай Жақыпбаевты:

«Бір ай жазған өлеңін,
Бір жыл насихаттайды» – деп суреттейді. Бұған дейін мен де дәл сол Жұматай көкеміз сияқты бір өлеңді айлап жазатын едім. Бұл жобаның арқасында бір айда қалай бір кітап жазылғаны таңғаларлық жайт.

– Нарынқол – табиғаты сұлу, тарихы терең гажайып өлке. Алып таулардың құшағында, Хан Тәңірі шыңын көріп өскен ақынды қарт Қаратау аса бір таңғалдырмаған болар. Осы орайда сұрағымыз рухани құндылыққа бағыттағым келіп отыр. Сіздің ұғымда «биіктік» дегеніміз не?

– Атақ, мансап, байлық – мұның бәрін «биіктік» деп қарауға болады. Алайда өмір бойы ұмтылған сол «биіктік» өзі жататын төбешіктен де аласа болса, онда ол «биіктік» емес. Адам үшін «биіктіктің» ең асыл әрі ең шынайы өлшемі – Адамдық деп ойлаймын...

– Поэзия – ол ...
– «Сурет – көзбен көретін поэзия, поэзия – құлақпен еститін сурет», – дейді Леонардо да Винчи. Бұдан асырып ештеңе айта алмаспын. Десе де мен поэзияны «суреттен» гөрі «бейнеге» көбірек ұқсатамын. Бұл – менің жеке пікірім. Келіспесеніздер де болады...

Мәселен, сіз көркем фильм көрдіңіз делік. Эпизодта бірде-бір жылатағын сөз жоқ. Бірақ ебіл-дебіл боп жылап отырсыз. Не үшін екенін өзіңіз де сезбейсіз... және бір тұста жүзіңізге күлкі ұялап, кеуденізді шаттық кернейді. Оның да себебін тап басып айта алмайсыз... тағы да сондай қат-қабат алмасқан эмоциялар легі... соңында ол сізді ізгілікке үндейді. Әрине, мораль оқып емес. Жай ғана ой салады. Болды. Соның өзі айғайшыл ұрандардан мың есе әсерлі сезіледі... поэзияны өзім сөз еткен «кино тілінен» де құдіретті көрем. Тек соны тірілте алмай жүрген секілдіміз...

– Әсерлі әңгіме, сүбелі сұхбат үшін алғысымызды білдіреміз! Қаламыңыз қарымды болғай!

Сұхбаттасқан Аружан ОРАЛБАЙ

Дерт жеңіл бара жатыр жалғыз қыын,
Сорлы ана айтпай қайтсін зарлы жырын!
Қалт етсе, жалғыз қыын әкелердей,
Тілартып ап тереңіне қанды жылыи.

Жүрегі шарқ ұрады отты айнала,
Дем жетпей алқынады... таппай дауа.
Ұлының таңдайына су тамызып,
Кірпігін бір сәтке де қақпайды ана...

Ой, жалған, ұқсайды Арал сол балаға,
Ой, жалған, ұқсайды Сыр сорлы анаға.
Тілартып ап тереңіне «қанды жылыи»,
Тілартеңіздің табанында сор қала ма?

Зарлы жыр шырқап... үзіп...
Шырқап... үзіп...
Үмітін қайта жалғап бір тағы үзік,
Кірпігін бір сәтке де қақпайды Сыр,
Аралдың таңдайына су тамызып...

БАЙҚОҢЫР

«Атағымды ғарышқа атқан» - Байқоңыр,
«Отанымды қарыштатқан» - Байқоңыр.
Алыс болып тұрсың маған бір түрлі,
Жақын тартпай тұрсың мені әйтеуір.

Ағам бар-тын.
Жақын ағам - қаламық,
Алып-ұшып барғанында,
Қабарып,
Ол да мені дәл осылай қарсы алған,
Дәл осылай жатырқаған - ол анық,

Менің сөзім оған жат боп естіліп,
Оның сөзі маған жат боп естіліп,
Тіларсіне алмай ол да мені, мен де оны,
Үнсіз ғана отырған ек кешкілік.

«Бірге туған ағайыннан,
Бауырдан,
Кім айырды?» - деп қайысқан қабырғам.
Сонда ағам айтқым келген бірдеңе,
Сонда «неге келдім, - дегем, - ауылдан?»..»

Кейін жолдар жатты алдыда жосылып,
Жүре алмадым мен ағам қосылып.
Жәй, әншейін, түсті есіме сол ағам,
Саған шұңғы қатысы жоқ - осыны ұқ.

«Атағымды ғарышқа атқан» - Байқоңыр,
«Отанымды қарыштатқан» - Байқоңыр.
...Ағам түбі бауырым деп таниды,
Мен осыған сеніп келем әйтеуір...

КЕЛІНТӨБЕ

– Аңғырт, албырт сол ақының,
Есіңде ме, Келінтөбем?...
Есенғали

Ғ

Тілашың сені, танышың,
Келінтөбесі аяулы Есенғалидың,
Кереметтерің тізбек те тізбек сурет боп,
Есіңнен талай тандырған еді сәби күн.

Келгенбіз саған қиялымызбен сан рет,
Сан рет бізге бергенсің сонда жағып от.
Өзіңе деген басымайтұғын ақынның
Шарпыған едің сағынышының табы боп...

Үлі желдің, сылдыры судың, бақ үні -
Қоспасыз жырдың,
Тілопасыз жырдың ағыны.
Жидеілі тоғай, құмбірлі өзен, құмис көл,
Тілашыңды бәрін.
Олар да мені таныды.

Тілетекті мынау ыға қоймайтын «тәйт!» десе,
Тілашыңды, білем.
Тілашыңды сен де -
Қайтты есе.
Ұрыттал тұста аяқтан тура шалып қап,
Тілопырағыңа аунатпас едің, әйтпесе...

ҒҒ

Келінтөбе деп атаптығын төбе анау,
Келіп бір тұрып шықпай кетуге бола ма-ау?!
Ғың пайғамбардың келесіндей боп биіктен,
Бала ақын шұңға әлеміге асақ қарады-ау.

Арда ақын шұңға өлеңге ашқан серпе есік,
Алғашқы жырды тыңдаған самал ерке есік.
Мен сынды тауда бұтқа аунат өскен өренге,
Тілобе емес қой бұл...
Тілобе емес қой бұл...
Тілопешік!

Дала-дәптерден көшіріп алып көп өлең,
Әлемге мен де қарайын деп ем төбеден,
Тілобықтай ғана төбешікке осы шығарда,
Ақына бердім,
Ақына бердім неге мен?

Алып бір шыңды бағындырғандай мен ерек,
«Керемет!» деймін,
«Керемет!» деймін,
«Керемет!»
Жүрек төрінде, аяулы Келінтөбе, сен
Қалып барасың таудан да биік төбе боп!

ЕҢБЕК АДАМДАРЫ — ЕЛ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл Қазақстанда «Жұмысшы мамандықтарының жылы» болып жарияланды. Осыған орай барлық өңірде ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспары әзірленді.

Ел Президенті «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбеккер және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз» деді.

— Адал әрі табанды еңбекпен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» қағидатына толық сай келеді.

Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбеккерлік, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік менгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді.

Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек — қадірлі. Ең бастысы, әркім жауапкершілікті терең сезініп, өз міндетін сапалы атқаруға тиіс. Сонда ғана еліміз дамудың сара жолына түседі, — деді Мемлекет басшысы.

Ұлттық статистика бюросының дерегінеше, былтыр елімізде еңбекке қабілетті адам саны



шамамен 9,6 млн болған. Соның ішінде 2 миллион 300 мың адам жұмысшы мамандықтар бойынша қызмет етеді.

Еңбек адамының мәртебесін көтеру сан түрлі саланың жұмысына серпін беретіні анық. Нағыз еңбекте шыңдалып, қажыр-қайраты мен қабілетін, білімін ел игілігі жолында жұмсайтын мамандарға деген ел ықыласы қашанда ерекше. Себебі дастархандағы нан мен дәмді астың дайындалуынан бастап жылы, жарық үйде тұруымыздың өзі жұмысшы мамандардың еселі

еңбегінің нәтижесі. Бір түйір дәннің артында ала жаздай егін еккен диханшының маңдай тері тұрғанын естен шығарып алатынымыз да рас. Ал өзіне берілген нығметтің қадірін білетін әрбір жас өзі де адал еңбек етуге, мерейлі маман болуға ұмтылатыны белгілі.

Сондықтан басшылар еңбек адамдарын елге таныстыратын жаңа айдар бастауды қолға алдық.

А.НҰРТАЙҚЫЗЫ



ҚҰРЫЛЫС ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫН АЛДЫ

Кейінгі жылдары Қызылорда құрылысы қарқынды қалаға айналды. Білім саласы бойынша бірнеше «Жайлы мектеп» бой көтеріп, салаға лайықты көңіл бөлінуде. Бүгінде 4 мектептің құрылысы аяқталса, қалған 5 мектеп 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында құрылыс саласындағы қарқынды жұмыстар басқармасының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев тізбектеп берді.

— Денсаулық саласы бойынша 22 құрылыс нысаны жүргізіліп, 15-і пайдалануға берілді. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында республикада алғашқы болып 9 амбулатория мен 2 фельдшерлік-акушерлік бекет пайдалануға беріледі.

Сондай-ақ Қызылорда қаласында 300 орындық көпбейінді аурухананың құрылысы жүргізілуде.

Бұған дейін қаладағы Сырдария өзенінің сол жағалауында орналасқан Қан орталығы ел игілігіне табысталды. Сондай-ақ «Руханият жылы» аясында аудандарда 7 «Руханият орталығы» бой көтерді. Өзірге олардың екеуі халық игілігіне жұмыс істеуде. Аймағымыздың ажарын айшықтай түскен ғимараттардың бірі — Өнер орталығы. Мәдениет саласына да лайықты көңіл бөлінуде. Облыс орталығында халықаралық стандарттарға сәйкес 11 мың орындық орталық стадион, жабық бассейні бар көп салалы дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Жақын арада Қызылорда қаласында «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешенінің құрылысы басталады.

Быыл бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға қажетті қаржы бөлініп, 2500-ден астам пәтер сатып алынды. Атап өтетін жайт, облысымыз халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу бойынша республикада 2-ші орында, — деді Ерлан Кәрімбекұлы.

Бүгінде тұрғын үй құрылысы бойынша барлығы 1910 пәтерден тұратын 33 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде.

«АЖ» ақпарат

Басы 1- бетте

ҚАЛИХАН СЕРІКБАЙ:



ЖҰМЫСШЫ
МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ
ЖЫЛЫ



ТАУ-КЕН —

ЕРЕКШЕ ӘРІ КҮРДЕЛІ САЛА

түсіну бөлек, білгенінді нағыз еңбек алаңында қолдану бір басқа. Оқу орны елімізге аты әйгілі кен орны «Шалқия Цинк»-ке практикаға жіберетін. 16-17 жастағы студенттің бойында өндіріске деген шын қызығушылық сол кезде туындайды.

Өз саланды жақсы білу үшін, әрине, жоғары білім керек. Қалихан Қалмаханұлы мұнан кейін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде «Пайдалы қазбаларды байыту» мамандығында білім алады.

Өндіріс саласы оңай әрі жеңіл жұмыс емес. Техникалық мамандықты жігіттер көп таңдағанымен, олардың өзі осы мамандық бойынша біраз жұмыс істегесін қиындығына шыдамайтыны бар. Сондықтан біз Қалиханнан жұмыс барысынан бұрын университеттегі оқу процесі туралы да сұрадық.

— Қорқыт ата университетінде осы мамандықты оқытатын білікті мамандар көп болды. Тек оқу орнының оқытушылары ғана емес, өндірісте жұмыс істейтін мамандарды да шақыртып сабақ өткізетін. Айта кетерлігі, тау-кен саласына қатысты оқулықтар мен ақпараттар негізінен орыс тілінде жазылған немесе басқа тілден аударылған. Сондықтан біраз түсіні түсіну қиындық тудыратын. Студент теория мен практиканы қатар алып жүрсе жақсы маман иесі болып шығады. Бұлай деуімнің себебі өзім оқумен қатар сол мамандық бойынша өндірісте де жұмыс істеп жүрдім. Қазіргі таңда дипломымды алып сол мамандық бойынша еңбек етудемін, — деді ол.

Жер астына түсіп қызмет атқарудың әлдеқайда өзгеше болары рас. Кеншілер жұмысқа қалай дайындалады? Қалиханның айтуынша, таңертең дәрігердің рұқсатын алғаннан кейін ғана жұмыс басталады.

— Мұнан кейін шахтаға түскенде қолданатын жарық шамы, өзін-өзі қорғау құралын алып, 400 метр тереңдіктегі жердің астына түсеміз. Сол жерде басшымыз әрқайсымызға жұмысымызды бөліп береді. Мұндағы менің жұмысым сорғы (насос) қондырғыларының ақауы бар-жоғын тексеруден басталады. Әрине, ешкім бірден қызметке бастық болып кетпейді. Осындай кішігірім жұмыстан тәжірибе жинап, білім алу арқылы өз-өзінді дәлелдейсің, қызметке жоғарылайсың, — деді жас маман.

Өндіріс орны болған соң, қауіпсіздік сақтамаса болмайды. Оқушылар мен студенттер бұл мамандықтың қыр-сырын біле түссін деген ниетпен қандай қауіпсіздік шараларын ұмытпау керектігін, жұмыс кезіндегі тосын оқиғалар туралы да сұрадық.

— Өндірісте қауіпсіздік бірінші орында.

Адам өмірінен қымбат еш дүние жоқ. Сол үшін әр адам өзінің аمانдығын ойлап, қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Ережелерге немқұрайлы қарап, жер астында газға ұланып қалатындар да бар. Өз бетінше бұрғылау кезінде ауаның шлангасы үзіліп, жұмысшыға ауа жетпей өліп кете жаздаған жағдайлар да болды. Ондай кезде өзімен бірге алып жүретін қорғау құралын (самоспасатель) жылдам пайдаланады. Оның ішінде арнайы оттегі бар. Ол ауа жетіспеген жағдайда қауіпсіз жерге жетіп алу үшін қажет.

Өндіріс — өте ерекше сала деп айтуға толық себеп бар. Өйткені біз күнделікті пайдаланып жүрген заттар, тіпті әшекей бұйымдарға қолданатын шикізатты қайдан алатынын, алғашқы түрі қандай болатынын өндіріске барып қана біле аласың. Өмірге қызыққан адам өндіріске де қызығады, ал өндірісте қызығып еңбек еткен адам үлкен жетістікке жетеді деп ойлаймын, — дейді Қалихан.

Оның айтуынша, бұл мамандықты таңдаған жандарға елімізде жұмыс орны жеткілікті.

— Қазір елімізде техникалық мамандықтарға басымдық берілуде. Көптеген өндіріс орны, зауыт, фабрикалар салынып жатыр. Оның барлығына қызметкер керек. Байқасаныздар, мамандарды шет елден де шақырып жатады. Мұның бәрі бізде мамандар жетіспеудің деп ойлаймын. Жеріміз — өте бай, оның қойнауында минерал мен пайдалы қазбалар өте көп. Егер жастар білім алып, осы салаға қызықпаса, оны болашақта кім өндіреді? Сондықтан жастарды тау-кен саласында білім алуға шақырамын.

Тау-кен саласы — күрделі әрі жауапты мамандық. Ол тек жер қойнауын зерттеу немесе қазу ғана емес, сонымен қатар экология, қауіпсіздік және технологиямен тығыз байланысты. Бұл салада геология, геофизика, минералогия және механика сияқты ғылымдарды терең меңгеру қажет. Егер сіз ғылымға, табиғатты зерттеуге, қиындықтарды шешуге қызығушылық танытсаңыз және физикалық, психологиялық тұрғыда дайын болсаңыз, тау-кен саласы сіз үшін тамаша таңдау болмақ.

Жоғарыда айтқанымдай, бұл саланың қиындықтарымен қатар жақсы жақтары да бар. Ең алдымен білім керек, сонымен қатар шыдамды, төзімді болу қажет, — деді жас маман.

Сондай-ақ кейіпкеріміз жас талапкерлер дамуы үшін алдымен өзіне не қажет екенін анықтап, жоспармен әрекет етуді, бірнеше тіл мен IT техниканы жақсы білу керектігін айтты.

Біз Қалихан Серікбаймен әңгімелесу барысында өз мамандығына деген ерекше құрметін байқай түстік. Сондықтан мақсаты айқын жас маманның алар асуы алда деген ой түйдік.

Айдана ЖУМАДИНОВА

25 жастағы қызылордалық Қалихан Серікбай бүгінде Қарағанды облысындағы «NOVA ЦИНК» компаниясында еңбек етеді. Сорғы қондырғыларының машинисі қызметін атқаратын оның негізгі міндеті — жер асты суын жоғарыға, яғни арнайы шахта суын жинайтын орынға сорғы қондырғыларының көмегімен шығару.

Қалихан Қалмаханұлымен әңгімелесу барысында бір күндік жұмыс күні қалай өтетінін, бұл салаға қызығушылық неден пайда болғанын сұрадық. Жас та болса жауапты маман әр сұрағымызға мұқият жауап беріп, іске келгенде тиянақты, көзқарасы қалыптасқан азамат екенін байқатты.

Жаңақорған ауданында туып-өсіп, №110 мектеп-лицейінде білім алған ол 9-сыныптан кейін-ақ осы мамандықты таңдапты. Осылайша ата-анасының кенесімен Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжіне «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша құжат тапсырады. Теорияны



Әйел – үйдің ұйытқысы, отбасындағы тәрбиенің негізгі бастаушысы. Оның орны тек отбасында ғана емес, жалпы қоғамның дамуында да айрықша маңызға ие.

Аққыз туралы білеміз бе?



Қазақстанда кейінгі жылдары әйелдер құқығы мен теңдік мәселесі өзекті болып, көптеген заң мен бастама арқылы қорғауға алынуда. Әйелдер тек саяси, экономикалық тұрғыда ғана емес, әлеуметтік тұрғыда да маңызды өзгерістер жасай алатын жан ретінде танылып отыр.

Қазақтың күйшілік өнерінде де әйелдердің алатын орны ерекше. Әрине, күй өнері көбіне ер адамдармен байланысты болғанымен, қазақ әйелдері арасында күй шығару мен күй тарту кең таралған. Әсіресе, Аққыз секілді күйші әйелдер қазақ мәдениетінде өзіндік із қалдырды, күй өнерін насихаттап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізді.

Күйдің тереңдігін, кемеңгерлігін ұғына білуде кез келгенге беріле бермейтін бақыт. Домбыра ұстаған Арқаның Аққызын білмейтін жан кемдек. Кейінгілер оны жазушы, этнограф, ғалым Ақселеу Сейдімбектің «Аққыз» шығармасынан танып білді.

«Аққыз» повесті Ақселеу Сейдімбектің жазушылық қарымын, көркемдік деңгейін жаңа қырынан танытқан мейлінше ашқан туындының бірі. 1991 жылы оқырманына жол тартқан шығармадағы Аққыз – шын өмірден алынған шынайы кейіпкер. Оның азан шақырып қойған шын есімі – Мүгілсін. Тал бойында бір мін жөк бойжеткеннің табиғаты да ерекше еді. Көркем келбетті ару күйшілік өнерімен талай жиынның көркін келтірді. Содан ел ішінде оны Аққыз атап кетеді. Шығармадағы Аққыз жазушы қолынан туындаған жаңа, тың кейіпкер. Жазушы кейіпкерін күндестіктің құлы еткісі келмейді. Ол бұрын-соңды әдебиетте оқып-білген келіншектерге қарағанда батыл, сертке берік, бірбеткей мінезімен ерекше еді.

Аққыз Таймасбайдың жеті перзентінен қалған жалғыз үкілі үміті болатын. Әкесі қызын мал дүние қызығын көру үшін емес, ұрпағын жалғастыратын жалғыз алданышы ретінде тәрбиелейді. Ер мінезді болып өскен бойжеткен уақыт өте сабырлы, салықалы әйелге, ел анасына айналды. Оны сыйлы еткен күйшілік өнері. Ол елдегі ауыл күйшілерін бекзада өнерге баулып, арқаның әндерімен танымал күйлерін насихаттап дәріптейді.

Автор повестті табиғатты суреттеумен бастайды. Небір дау-дамайларға араласып ауыл мен көршілес елдің ортасында жүріп оның атағы елге тарайды. Сондай жиынның бірінде Аққыз аламан Наймантай батырдың алдында жеңіліс табады. Тұрмысқа шығамын деген Аққыз

уәдесін орындауға бел байлайды. Қыздың ақыл парасаты, биязылығымен өзге қыздарда жоқ еркіндігі Наймантайға да ерекше ұнайды. Солайша ол Мүгілсінге көңіл білдіреді. Оқиға осы еттен қыза түседі, оқырманды қызықтырады. Шығарма кейіпкері өз қалауынан тыс, қалың мал берген елге ұзатылып кетеді.

Күйші Аққыз Көкбай деген жігітке тұрмысқа шыққан. Тұрмыс құрғаннан кейін өнеріде қолдаусыз қалады. Ата-анасынан ажыраған күйші қыз, жат жұртқа келіп, «Жетім қыз» күйін шығарады. Бұл «Аққыз» повестінде де баяндалады. Небір қиын-қыстау жағдайларды бастарынан өткерді. Шертпе күй шебері Аққыз Ахметқызының танылуына аса көрнекті ғалым, этнограф Ақселеу Сейдімбек көп еңбек сіңірді. Күйшінің артында «Қайран елім», «Аққыз», «Жетім қыз», «Қоңыр күй» сынды бірнеше күймен қатар «Жалған-ай», «Қайран бауырларым», «Аман бол ханшайым» әндері қалды.

Мәдениетіміздің дамуына үлес қосқан осындай нәзік жандар арқылы қазақ әйелдерінің көп қырлы екенін байқаймыз. Олардың өнер мен шығармашылық қабілеттері қоғамдық, мәдени өмірдің дамуына үлес қосқан осындай нәзік жандар арқылы қазақ әйелдерінің көп қырлы екенін байқаймыз. Олардың өнер мен шығармашылық қабілеттері қоғамдық, мәдени өмірдің дамуына үлес қосқан осындай нәзік жандар арқылы қазақ әйелдерінің көп қырлы екенін байқаймыз. Олардың өнер мен шығармашылық қабілеттері қоғамдық, мәдени өмірдің дамуына үлес қосқан осындай нәзік жандар арқылы қазақ әйелдерінің көп қырлы екенін байқаймыз.

Иә, әйелдің үйдегі орны тек тұрмыстық міндеттермен ғана шектелмейді. Ол отбасының тәрбиешісі, дәстүрлер мен құндылықтарды сақтаушы, қоғамға жауапты тұлға болып табылады. Әйел үйдің ұйытқысы ретінде, өзінің рухын байлығымен, мейіріммен, өмірлік тәжірибесімен отбасының тыныштығын, ұрпақтың дұрыс тәрбие алуын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар әйелдер қазіргі қоғамда өз құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтіп, қоғамдық-саяси және экономикалық өмірге белсене араласып, өздерінің ролін арттыруда. Әйелдің қоғамдағы орны мен ролі әрқашан жоғары бағаланып, оның дамуы мен қоғамның өркендеуіне маңызды үлес қосады.

Динара ЖҰМАДІЛ,
студент

ӨҢІРДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЙ-КҮЙІ

Әлемдегі мемлекеттердің дамуына мемлекеттік қызметшілердің қосар үлесі мен салмағы ерекше. Еліміздегі мемлекеттік бағдарламалар мен реформалардың тиімді жүзеге асуы да мемлекеттік қызметшілердің білімі мен біліктілігіне байланысты.



Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің штат саны 3 346 бірлікті құраса, қазіргі таңда нақты 3 271 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Оның 15-і саяси әкімшілік қызметшілері, 3 256-ы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілері.

Мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 45,4% құраса, 20%-ы түрлі деңгейдегі басшылық лауазымдарда еселі қызмет атқаруда. Өңірдегі мемлекеттік қызметшілердің 99,6% қазақ ұлтының өкілдері.

Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік қызметтегі орташа еңбек өтілі 12,8 жылды, орташа жасы 42,2 жасты, жоғары білімділердің үлесі 95,4%-ды, екі немесе одан да көп білім иелерінің үлесі 23,6%-ды құрайды. Сондай-ақ ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар қызметшілердің үлесі – 0,3%.

Сонымен бірге, 0,8%-ы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының, 0,1%-ы «Болашақ» халықаралық стипендиясының, 0,9%-ы шетелдік оқу орындарының түлектері.

2024 жыл өңірдегі барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарда 748 (345 ішкі және 403 жалпы конкурс) бос лауазымдарға орналасуға конкурстар өткізіліп, нәтижесімен 496 үміткер бос лауазымдарға қабылданды.

Меритократия қағидаттарына сәйкес, мансаптық өсу жолымен ішкі конкурстар арқылы жоғары лауазымдарға тағайындалғандардың үлесі 71,9%-ды құрап отыр.

Өткізілген конкурстардың ішінде 252 конкурстың 82,9%-ы

үміткерлер қатыспағандықтан, 4,8%-ы біліктілік талаптарына сәйкес келмегендіктен, 9,1%-ы үміткерлердің конкурстық комиссияның оқ шешімін алмағандықтан, 3,2%-ы конкурстық комиссияның оқ шешімін алған үміткерлердің ұсынылған лауазымға орналасудан өз еріктерімен бас тартуы себепті өткізілмеген.

Қоғамдық байқаушылардың 0,9%-ы жергілікті деңгейдегі маслихат депутаттары, 3,4%-ы БАҚ өкілдері, 1,7%-ы ҰЕҰ өкілдері, 3,6%-ы саяси партия өкілдері, 27,3%-ы мемлекеттік органдардың қызметкерлері, 16,2%-ы тағы басқалары, ал 46,9%-ы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның, яғни Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің қызметкерлері.

Өткен есепті жыл көлемінде мемлекеттік қызмет жүйесінен

108 (3,2%) қызметші кеткен болса, оның 3,8%-ы коммерциялық секторларға, 7,4%-ы квазимемлекеттік секторларға, 2%-ы жеке секторларға, және 86,8%-ы басқа да белгілі себептермен өз өтініштеріне сәйкес мемлекеттік қызмет жүйесінен кеткен.

Сонымен қатар 5 мемлекеттік қызметші теріс себептер бойынша жұмыстан босатылған.

Бақытжан НҰРАЛЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы

Ұнды фортификациялау НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?

Фортификациялау дегеніміз – ұнды витаминдер және микроэлементтермен байыту, ұнтақтау процесінде витаминдер мен минералдарды ұнға қосу процесі, бұл өнімнің жоғары сапасы мен тағамдық құндылығына күшейтеді.



Қазір репродуктивті жастағы әйелдермен 14 жасқа дейінгі балаларда анемияны тудыратын дәрумендер мен минералдардың, соның ішінде темір және фолий қышқылының жетіспеушілігі жиі кездеседі. Мұның себебі: монотонды тамақтану, тамақты сақтау, индустриялық өңдеу кезіндегі микроэлементтердің жоғалуы. Осыған байланысты мемлекет ұнның пайдалы қасиеттерін байыту бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Микроэлементтердің жетіспеушілігі мәселесін шешудің ең оңтайлы тәсілдерінің бірі – тағамды дәрумендермен байыту. Азық-түлік өнімдері Қазақстан нарығында үлкен ассортиментте негізінен жаспай тұтынуға ұсынылған. Оларға қосылған дәрумендердің құрамы осы заттар адам ағзасының күнделікті қажеттілігінің 30-50% қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстан Республикасы аумағында сатуға арналған жоғары және бірінші сұрып бидай ұны міндетті түрде байытуға

(фортификациялауға) ұшырайды.

Қазақстан Республикасы аумағында жүзеге асырылатын жоғары және бірінші сұрып бидай ұны темір және витаминдермен міндетті түрде байытылады. Біздің еліміз үшін ұн қазақ тамақтану академиясының арнайы жасалған дәрумендер және микроэлементтерімен байытылады. Премиксте темірден басқа фолий қышқылы, мырыш және В тобының дәрумендері бар. Темір және фолий қышқылы бізді және туысқандарымызды анемиядан, ана өлімі және туа біткен деформациядан, инфаркт пен инсульттен қорғауға көмектеседі.

Фортификацияланған ұн және ол ұннан пісірілген тағамдар артық шығынсыз халықтың денсаулығын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Ұнды дәрумендер мен

микроэлементтермен байыту олардың тапшылығы туралы ескертеді, қалыпты физикалық және психикалық жұмыс қабілеттілігі сақталуына ықпал етіп, халықтың ауруы мен өлімін азайтады.

Ұн немесе ұн өнімдерін таңдағанда, оның сұрыпы мен сапасына ғана емес, сонымен бірге, адам денсаулығына қажетті дәрумендер мен минералды кешендермен нығайтылғандығына да назар аудару керек. Өйткені ұн сатып алғанда адамдардың көбі оның пайдалы қасиеттері туралы ойламайды.

Халықтың денсаулығын нығайту үшін тамаққа фортификацияланған ұнды қолдануды ұсынамыз.

Асем ОМАРОВА,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР АУРУЛАРЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Жүрек-қан тамыр аурулары әлемде өлім-жітімнің басты себептерінің бірі. Бұл ауруларға жүректің ишемиялық ауруы, цереброваскулярлық ауру, жоғары қан қысымы, перифериялық артерия ауруы, ревматикалық жүрек ауруы және т.б. жатады. Өзінді барлық қауіп факторларынан қорғау мүмкін емес, бірақ әркім аурудың даму ықтималдығын азайта алады.

Жүрек-қан тамыр аурулары мен олардың асқинуларының алдын алудың 10 негізгі шарасы (инфаркт пен инсульт):

Салауатты тамақтану. Күнделікті рационнан майлы және қуырғылған тағамдарды, кондитерлік майларды, кофеин, тұз, қант, тауық жұмыртқасын азайту және теңіз балығын, майсыз құс етін (терісіз), бұршақ дақылдарын, тұтас дәмді дақылдарды, кем дегенде 500 грамм көкөністерді рационға қосу, күнделікті жеміс-жидек тұтынуды талап етеді.

Артық салмақпен күресу. Дене салмағының индексі (ДСИ) білу маңызды, ол әдетте 18,5-25 (салмағы кг/бой квадратты м) болуы керек. Ол жоғарылаған кезде диетаның калориялық мазмұнын азайту және физикалық белсенділікті арттыру қажет.

Гиподинамиямен күресу. Таза ауада серуендеу (күнне кемінде 30 минут), спортпен шұғылдану және тиісті жаттығулармен дене шынықтыру, автомобильді немесе лифтті жиі пайдаланбау.

Жаман әдеттерден бас тарту. Темекі шегуден, есірткіден, алкогольді асыра тұтынудан өз бетінше бас тартыңыз немесе мамандардың көмегімен осы зиянды әдеттерден арылыңыз.

Стресспен күресу. Кішігірім қиындықтарға адекватты ден қою қабілеті, пікірлес адамдармен және жағымды қарым-қатынас хоббиімен айналысу, дұрыс жұмыс және демалыс уақыты, қалыпты ұйқы, музыкалық терапия және релаксацияның басқа әдістерін қолданыңыз.

Артериялық қысымды өзіңіз бақылаңыз. Жылына кемінде 1 рет – кездейсоқ анықталған қан қысымының бір реттік тұрақсыз жоғарылауы кезінде; айына кемінде 1 рет – жағдайыңыз жақсы болса, бірақ қан қысымының жиі

жоғарылауына бейімділік бар болса; күніне кемінде 1 рет – қан қысымының тұрақты жоғарылауы және жағдайдың нашарлауын қадағалаңыз. Әдетте, қан қысымы сын.бағ. 140/90 мм аспауы керек.

Профилактикалық тексеру. Жүрек және қан тамыр патологиясын дамыту қауіпі бар немесе қан қысымының жоғарылауын байқаған адамдар дәрігерге уақтылы бару, оның ұсыныстарын орындау және профилактикалық тексерулерден өту керек.

Қандағы холестерин деңгейін бақылау. 30 жастан асқан барлық адамдар қандағы холестерин деңгейін жыл



сайын тексеріп тұруы керек. Қандағы холестериннің қалыпты деңгейі 5 ммоль/л.

Қандағы қант деңгейін бақылау. 40-45 жастан асқан адамдар жыл сайын қантқа қан анализін тапсыруы керек. Қандағы қанттың қалыпты деңгейі 6,1 ммоль/л.

Дәрі-дәрмек қабылдау. Жүрек және қан тамыр патологиясының даму қауіпі бар немесе динамикалық бақылауда болған адамдар емдеуші дәрігер тағайындаған дәрі-дәрмектерді қабылдауы қажет.

Есіңізде болсын! Жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алу үшін тек өз организмнің жауапкершілігімен қарау керек. Деніңіз саулығы – ұлт саулығы.

Ғабит ТАЖБЕНОВ,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасы бас маманы

ДЕПАРТАМЕНТТІҢ ӘКІМШІЛІК ПРАКТИКАСЫ

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті қолданыстағы заңнамада көзделген әкімшілік іс жүргізуді қозғау бойынша жұмыс жүргізуде. 2024 жылдың 12 айында жалпы сомасы 47,4 млн теңгеге 428 әкімшілік хаттама жасалды. Оның ішінде бюджетке 47,4 млн теңге өндірілді, бұл 100,0%-ды құрайды.

Жүргізілген талдау негізінен әкімшілік іс жүргізудің құрамы мемлекеттік сатып алу саласындағы бұзушылықтар (заңда көзделмеген негіздер бойынша Мемлекеттік сатып алу рәсімін қолданбай шарттар жасасу не өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы сотқа талап-

арыздарды уақтылы қолданбау) болып табылатынын анықтады.

Қазіргі уақытта Департамент Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 810 және 811-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізуді толық көлемде жүзеге асырады, бұл әкімшілік іс жүргізуде қозғалған адамға санкцияда көрсетілген соманың елу пайызы мөлшерінде айыппұл сомасын жеті тәулік ішінде төлеуге мүмкіндік береді.

Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Тобаликов Айбек Жусуповичтің атына ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментінен берілген №034496 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Картоп, қайда барасыз?

КОРДА БАР, ҚОЛДА ЖОҚ

Өткен аптадағы мәліметтерге сенсек, кей аймақтарда өндірушілер ұсынған өнім бағасы 170-тен 270 теңгеге дейін өскен. Ал Алматы мен Астанада бір келі картоп құны 455-500 теңгеден сатылымға шыққан көрінеді. Ал Қызылордада ше? Күнделікті дүкенге бас сұққанымызбен картоп бағасына аса бір бет бұра қоймаймыз. Алайда бұл жолы арнайы көпшілік аялдайтын А.Токмағамбетов көшесінің бойындағы «Ақсарай» супермаркетіне ат басын бұрдық. Мұндағы баға – 381 теңге. Бұрынғысынан әлдеқайда қымбатшылық байқалады. Одан өзге бірнеше супермаркеттерде баға айтарлықтай өзгерген. Дүкендерде де солай.

Үкіметтің хабарлауынша, бағаны тұрақтандыру үшін картопты экспорттауға алты айға тыйым салу туралы шешім қабылданған. Шектеу ЕАЭО елдеріне (Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Армения) әсер етпейді. Дегенмен барлығы қатаң бақылауда болады. Мәжіліс депутаты Қайрат Балабиев мұны Үкімет те, кәсіпкерлер де ау баста білді дейді.

– Картоп қымбаттайтыны осыдан шамамен екі ай бұрын белгілі болған. Өйткені Ресей федерациясы картопты сыртқа шығармай жауып қойды. Негізінен, Ресей картобын Өзбекстан сатып алатын еді. Биыл Ресей картоп сатпай қойған соң, өзбек кәсіпкерлері біздің Павлодар мен Қарағанды облысындағы қоймада жатқан картопты алдын ала сатып алды. Сол кезде-ақ елдегі картоп бағасы өсе бастаған еді. Кәсіпкерлер де, Үкімет те мұны білді. Бірақ Үкімет ешқандай шара қабылдамады. Әуелі жағдайды бақылауда ұстап, Үкімет картопты сатып алып, қоймаларда сақтауға керек еді. Ал қазір Үкімет ештеңе істей алмайды, баға қымбаттай береді, – деді Мәжіліс депутаты. Бұдан бөлек ол бағаны түсірудің жолымен де бөлісті.

– Меніңше, картоп бағасын түсіретін бір ғана арал бар. Қазір Пәкістанда картоп шықты, сол жақтан арасын сатып алып, Қазақстан нарығына құю керек. Солай ғана арзандатуға болады. Біздің Үкімет алдын

елде рекордтық жағдай тіркеліп, 2,9 миллион тонна картоп жиналған. Ал бүкіл Қазақстан бойынша картоп сақтайтын 257 картоп қоймасы бар көрінеді. Олар 499,7 мың тоннаны ғана сақтай алады. Сонда қалғаны далада қала ма? Мұны да ойлап қойған жөн.

Біз айтып отырған мәліметті мемлекет жүргізген ревизия қорытындысы да растағанға ұқсайды. Ауыл шаруашылығы министрлігі ұлан-ғайыр астықты сақтау үшін көкөніс қоймаларын салуға және жаңғыртуға бағытталған тұтас кешенді жоспарды іске асырып жатқанын қайталаудан жалықпайды. Шынында, көкөніс сақтағыштар, тіпті қарапайым қойма көбейетін емес. Салдарынан былтыр жиналған көл-көсір астықтың үлкен бір бөлігі шіріп жатыр.

ДЕЛДАЛДАР ДЕГЕНШЕ ЖЕТТІ МЕ?

Мәселе белгілі. Айлығын шайлығына жеткізе алмай отырған жұрт бағаға наразы. Ал билік басындағылар «делдалдар айыпты» дейді. Жуырда Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанова Ауыл шаруашылығы министрлігі, әкімдіктер, сауда желілері, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар өкілдерімен жиын өткізді. Күн тәртібіндегі мәселе – нарықты картоппен қамту және бағаны тұрақтандыру шаралары. Сөз етілгені – әкімдік өкілдері өз қалаларындағы ірі сауда желілерін, базарларды аралап, бағаны және бір қолға бес келіден артық сатылмайын бақылауы керек.

Оның айтуынша, еліміздегі ірі сауда желілері, оның ішінде «Magnum», «Small» және «Анвар» фермерлерден 1,5 мың тонна картопты сатып алу үшін олармен тікелей келісімшарт жасауға дайын. Сонымен қатар сауда желілері тіпті өнімді шаруашылықтан өздері алып кетуге әзір.



комиссияларды жолға шығару арқылы қайтадан әкімшілік ресурсын іске қосып, нарыққа қол сұғып отыр.

Биыл жыл басталғалы осы министрліктің Сауда комитетінің өңірлік департаменттері өнімсіз делдалдарды әшкерелеу мақсатында 20 өңірлік комиссия құрған. Соның нәтижесінде әлеуметтік маңызы бар өнім ретінде картоптың бағасына сауда үстемесін 15%-дан асырып жіберуге қатысты 49 заңбұзушылық анықталыпты. Барлық факті бойынша тиісті әкімшілік жазала шаралары қабылданады.

– Елдің барлық аймағындағы әлеуметтік дүкендерде, ӘКК серіктестерінде картоптың көлемі жеткілікті және нарықтағы бағадан төмен. Аймақтардың тұрақтандыру қорларында жинақталған картопты белсенді сату жалғасты. 2024 жылғы желтоқсаннан 2025 жылғы 19 қаңтарға дейінгі аралықта қорларда жалпы көлемі 85,4 мың тонна картоп болған. Оның 23,6 мың тоннасы сатылды. Соңғы 3 күнде шамамен 3 мың тонна картоп сатылды. Соның ішінде Алматыда – 300, Шымкентте – 600, Түркістан облысында 300 тоннасы өтті. Тұрақтандыру қорларында бүгінде 60 мың тонна картоп қалды, – деп хабарлады Сауда министрлігі.

ШАРУАНЫҢ ЕҢБЕТІ БАҒАЛАНУЫ ҚАЖЕТ

Экономист Мақсат Халық осындай дейді. Иә, шынымен картоп өсірудің қиындығын шаруалар жақсы білсе керек. Бір жылдың өзінен шығынсыз шығып, техникалар бұзылмай жұмыс жасауы маңызды. Одан бөлек судың жетіспеуі мен тарифтің көтерілуі, өсімдікті зиянкестерден қорғау заттарының, химикаттардың, тыңайтқыштар, барлық техниканың жанар-жағармайы қымбаттауы тағы бар. Оған қоса ала таңнан қара кешке дейін жұмыс жасайтын жұмысшылардың жалақысы өз алдына бір мәселе.

– Бұл бірінші рет болып отырған жағдай емес. Картоп та, сәбіз де бір уақыттарда қатты қымбаттаған. Негізінен салдармен емес, себеппен күресу керек.

Бағаның өсу себебі шаруалардың қызметімен ұштасады. Оларға дер кезінде тұқымды жеткізіп беру қажет. Мысалы, биыл кейбір аймақтарда топан су болды, соның салдарына қатысты Үкімет қаншалықты қадамдар жасады? Бір кездері қуаңшылық болды, сол кездерде Үкімет не істеді? Шаруаларға табиғат жағдайына төтеп беретіндей тұқым берілді ме? Сосын қойма мәселесі де үлкен сұрақтың бірі, – деді экономист.

Қойманың ауқымды мәселе екені ау бастан белгілі болды. Тапшылық түйінін тарқататын уақыт жетті. Мақсат Халық қойманың мәселесін алға тарта келе, тақырыпқа тұздық болған делдалдарды да тілге тиек етпей өтпеді.

Екінші – делдалдар мәселесі. Нарықтық экономикада делдалдар болмау керек деген қағида жоқ болуы керек. Бірақ елімізде делдалдар тым көп. Ол жерде эксплуатацияның болуы, қаржылық алаяқтықтың орын алуы, бағалардың тым жоғарылауы. Шын мәнінде, егістікте еңбектеніп жүрген шаруа өнімін өте төмен бағаға сатады. Ал қалада базардағы баға 10 есе жоғары болса, қандай әділеттілік бар? Үкімет делдалдардың бағаны асыра көтеретін кезімен жұмыс істеуі керек. Баға келісімі болып жатса, орындалмаса жазалау керек. Егер монополистер болса, олармен күресуі қажет. Егер олар негізінен шаруаға жағдай жасау, шаруаның өнімімен нарықтың арасындағы, базардың арасындағы логистиканы қамтамасыз ету, тізбекті құру мәселесін шешуі керек. Міне, Үкімет осыған дұрыс жауапты болса, бағалардың барлығын реттеуге болады деп есептеймін, – дейді Мақсат Халық.

ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ КАРТОП ҚҰНЫ ҚАНША?

Елдегі жағдай белгілі. Әр аймақтардағы баға әртүрлі. Ал Қызылорда қаласындағы жағдай қалай? Көпшілік бағаны бірнеше есеге өскенін айтып налиды. Мәселенің мән-жайын білмекке облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасымен байланыстық.

– Соңғы уақытта республика бойынша картоп бағасының өсуі орын алған болатын. Республика бойынша ішкі нарықта картоп бағасының өсуіне көрші мемлекеттер тарапынан экспорттық сұраныс артуынан орын алуға. Облыс өз өндірісі есебінен облыс тұрғындарының картопқа қажеттіліктерін ішінара қамтамасыз етіп келеді, басым бөлігі республиканың солтүстік өңірлерінен жеткізілуде. Жалпы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тұрақтандыру қоры қалыптасып, жеткілікті өнім қоры сақталуда.

Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорында жалпы көлемі 1000 тоннаға жуық картоп қаланың барлық мөлтек ауданында орналасқан әлеуметтік дүкен желілерінде 143 теңгеден еркін түрде, шектеусіз босатылуда. Сондай-ақ тұрақтандыру қорымен өзара әріптестік негізінде бірге жұмыс істеуге келісімге келген 10 ірі сауда үйлері мен 16 үй маңындағы дүкендер арқылы тиісті сауда үстемесін 158 теңгеден босатылуда, – дейді азық-түлік өнімдерін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерхан Ағыбаев.

Байқасақ, тақырып басында «Ақсарай» супермаркетіндегі картоп бағасы 381 теңге екеніне тоқталғанбыз. Ал азық-түлік өнімдерін қамтамасыз ету бөлімінің басшысы 143 пен 158 теңге арасында босатылып жатқанын айтып отыр. Айналып келгенде мәселенің барлығы сол бағаны мың құбылтатын делдалдарға келіп тіреледі. Сол үшін байыпты бақылау қажет-ақ. Сіз не айтасыз?

Нұр БАҚЫТ



ала шара қолданбайды да, әбден болары болған соң ғана әрекетке көшеді. Бірақ бір көтерілген баға қайта түспейтіні ау бастан белгілі. Қымбатшылыққа қарсы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру шеңберінде облыстарда тұрақтандыру қоры бар. Олар картоп қорын сақтап қойып, бағаны реттеуі керек еді – деді Қайрат Рахымұлы.

Мәжіліс депутаты мәселе қылаң берген бастан-ақ қоймаларға картоп сақтауымыз қажет еді дегенді айтып қалды. Дұрыс-ақ, Алайда осы тұста «мол өнімнің бәрін сақтайтын қойма бізде бар ма?» деген заңды сұрақ туындайды. Негізі өткен жылы

– Жергілікті әкімдіктер өз қажеттіліктерін, соның ішінде сауда желілеріне арналған көлемдерді анықтап, нақты көрсетуі қажет. Бұл нарықтағы сұранысты жылдам қанағаттандыру үшін маңызды. Сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер мен сауда нүктелері арасында тығыз байланыс орнату өте маңызды, – деді бірінші вице-министр.

Сондай-ақ ол азық-түлік тауарларының бағасын қалыптастыру тізбегіне кіріп алып, өз үстемесі қосатын делдалдардың схемаларын тергеп зерттейтін өңірлік комиссиялардың жұмысын күшейте міндетін қойды. Яғни, мемлекет «ревизорлары» мен өңірлік

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛДЫ

Жуырда Қызылорда облысы әкімінің баспасөз орталығында Қызылорда облысы ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев БАҚ өкілдерімен кездесіп, 2024 жылғы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

Мемлекет тарапынан жыл сайын аграрлық саланы қолдауға лайықты көңіл бөлінуде. Осы мемлекеттік қолдаудың арқасында 2024 жылдың қорытындысымен ауыл шаруашылығы бойынша өсім көрсеткіші 2,3%-ға артса, ауыл шаруашылығының негізгі қорына салынған инвестиция көлемі 32,0%-ға тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 22,2%-ға артты. Салада атқарылған сан жұмыстың тінін облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаев тарқатты берді.

– Егін шаруашылығы бойынша өткен жылы 189,4 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 85,6 мың гектарды құрады. Мемлекет тарапынан

көрсетілген қолдаудың арқасында өткен жылы диханшы қауымға су қажетті деңгейде жеткізілді. Шаруашылықтар егін жинау жұмыстарына қажетті ауыл шаруашылығы техникасы, жанар-жағармай және минералды тыңайтқыштармен толық қамтамасыз етілді. Нәтижесінде Сыр дихандары күріштен 500 мың тоннаға жуық өнім жинап, әр гектарынан 58 центнерден өнім алды.

Биыл облыс бойынша барлығы 190,0 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленуде. Ауыл шаруашылығы құрылымдары биылғы жылдың егісі үшін өткен жылдың күз айларында 4,3 мың гектар күздік бидай егуді және 50,4 мың гектар сүлдігер айдауды қамтамасыз етті.

Қазіргі таңда тұқым құю және оны тазалау, минералды тыңайтқыштар мен гербицидтерді сатып алу, ауыл шаруашылығы техникаларын дайындау жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде аймақта төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаюда. Атап айтқанда, 2025 жылдың 1 қаңтарына 365,1 мың бас, 657,0 мың бас қой мен ешкі, 257,9 мың бас жылқы, 60,7 мың бас түйе және 124,3 мың бас құс тіркелген. 2024 жыл қорытындысымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағаларының өсу индексі 99,6% құрап республика




бойынша баға индексі төмен 4 өңірдің қатарына енді, – деді Талғат Тұрышұлы.

Биыл облыс бойынша барлығы 190,0 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру межеленуде. Оның ішінде дөңді дақылдар 97,3 мың гектар, майлы дақылдар 3,8 мың гектар, мал азықтық дақылдар 71,1 мың гектар, картоп, көкөніс, бақша 17,8 мың гектарға

егу межеленсе, басты дақыл күріш 85,9 мың гектарға егілістін болады. Дегенмен, су лимитіне сәйкес егіс көлемі қайта қаралатын болады.

Жалпы көктемгі дала және егін егу жұмыстарының атқарылу барысы тұрақты бақылауда.

«АЖ» ақпарат



ТАБИҒАТЫ ТАҢҒАЖАЙЫП ШВЕЙЦАРИЯ

Альпі тауларымен, қайталанбас табиғатымен ерекшеленетін, сағаттары, шоколадымен танымал Швейцарияға баруды армандайсыз ба? Біз сіздерге сәні мен салтанаты үйлескен әлем елдері туралы ақпарат беруді жөн санадық.

Туристердің айтуынша, Швейцария – әлемдегі ең қымбат елдердің бірі. Бірақ ол сонда да ерекше табиғаты, өзіндік мәдениетімен әлемнің түкпір-түкпірінен саяхатшыларды қызықтыратын ел.

Швейцария батыс, орталық және оңтүстік Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан. Мұхитқа шыға алмайды және оңтүстігінде Италиямен, батысында Франциямен, солтүстігінде Германиямен, шығыста Аустрия және Лихтенштейнмен шектеседі.



Елде ресми төрт тіл бар: француз, неміс, италиян және ретороман тілі. Ел халқының жартысынан көбі ағылшын тілін біледі.

Швейцарияда биіктігі 3 мың метрден асатын 208 тау, 15300 көл бар. Технологиясы мықты дамыған ел Альпі тауын тесіп, 17 шақырым туннель салған. Швейцар Готар автотунелі – әлемдегі ең ұзын туннель.

Мұнда мәдениеттілікке, басқалардың мазасын алмауға, жеке шекарасын құрметтеуге ерекше мән беріледі. Кешкі 22.00-ден кейін шулауға болмайды. Бұл елдің тұрғындары ерте ұйықтайды, ерте тұрады. Қыдыратын жерлерге көбіне түске дейін барып келеді. Қоғамдық көліктер кешікпейді, адамдар бір-бірінің уақытын сыйлайды, туыстар да бір-бірінің отбасына шектен тыс араласпайды. Ал жексенбі күні құрылыс жұмыстарын жасауға, көлік жууға болмайды. Сондай-ақ тұрғындар барлық қоқысты сұрыптап тастайды.

Швейцарияның фотоларына қарасаңыз жап-жасыл алқаптағы ағаштан жасалған ерекше үйлерді бірден байқайсыз. Бұл шале стиліндегі баспана. Француз тілінен аударғанда ол «шопанның лашығы» деген мағынаны білдіреді. Ертеде швейцариялықтар мал баққан кезде осындай үйлерде тұрған. Іргетасы тастан, ал өзі ағаштан тұрғызылады. Кейінірек швейцариялықтар стильді жетілдіріп, көпқабатты үйлер сала бастаған.

Уикипедияға зер салсақ, Швейцария – өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы дамыған мемлекет. Ол дүние жүзінде капиталды шеттен тартудан алғашқы орындардың бірін иемденеді, дүние жүзіндегі ең ірі қаржы орталықтарының бірі саналады. Швейцария банктерінің сейфтерінде әлемдегі ең дамыған елдердің, барлық құнды қағаздарының жартысы жатыр. Ел экономикасында ірі транслүттік монополиялар үстемдік жағдайға ие. Швейцария туризм мен өз аумағы арқылы өткізілетін транзиттік жүктерден көп пайда табады. Өнеркәсібі сырттан әкелінетін шикізаттарға тәуелді және дайын өнімдерді экспорттауға бейімделген.



Жетекші салалары – машина жасау мен металл өңдеу, химия, тамақ өнеркәсіптері. Машина жасауда ұсталық-пестеу жабдықтарын, дәлдігі жоғары металл өңдеу станоктарын (оларды шығару мен экспорттау бойынша Швейцария дүние жүзіндегі жетекші орындардың бірін иемденеді, өнімнің 80%-ына жуығы сыртқа шығарылады), дәл өлшеу аспаптарын, сағаттар шығару неғұрлым жоғары дамыған.

«АЖ» ақпарат

ЛУКИЗМ: СҰЛУЛЫҚ ЖҮЗІНДЕ ЕМЕС, ЖҮРЕКТЕ

Лукизм – бүгінгі қоғамда кеңінен етек жайған ұғымдардың бірі. Лукизм деп адамның әлеуметтік құндылығын, кәсіби біліктілігін, мінез-құлқын сыртқы келбетке қарап бағалауды айтады. Мақаламызда әлемдік ахуал мен еліміздегі лукизм туралы талдап көреміз.

Лукизм (ағылш. «lookism») – адамның сыртқы келбетіне негізделіп, оны бағалау немесе кемсіту үрдісі. Бұл құбылыс қоғамдағы әлеуметтік қатынастарды қалыптастыруда елеулі рөл атқарады. Сыртқы келбетке байланысты дискриминация тек жеке тұлғаларға әсер етіп қана қоймай, қоғамдық санаға да ықпал етеді.

Бұл құбылыс бұрыннан бар болғанымен, қазіргі уақытта түрлі себепке байланысты, әсіресе, ғаламтордың ықпалымен күшейе түсті десек болады. Оның шығу тегі ежелгі заманнан бастау алады. Мәселен, Ежелгі Грецияда дені сау, әдемі адамды бақытты және табысты деп саналған. Ал қазір бұл түсінік тіптен күрделене түсті. Себебі әлеуметтік желілер мен медиа сырт келбетке басымдық беріп, адамдарды сол идеалдарға сай болуға мәжбүрлейді. Осылайша, адамдардың өзін-өзі бағалауы көбінесе сырт келбеттеріне негізделіп, нәтижесінде сыртқы сұлулықтың культі қалыптасуда.

Оның ең басты проблемасы – адамның ішкі әлемі мен қабілеттерін елемейді. Адамды тек сыртқы келбетіне қарап бағалау әділетсіздікке алып келеді, себебі адамның бойындағы қасиеттер тек сыртқы белгілермен шектелмейді. Лукизм, әсіресе жұмысқа орналасу немесе мансаптық өсу кезінде маңызды рөл атқарып, көптеген талантты адамның әділетсіз бағалануына әкелуі мүмкін. Ал шын мәнінде, кәсібилік, тәжірибе, білім секілді қасиеттер назардан тыс қалмауы тиіс.

Жастар арасында сұлулық стандарттарына сәйкес келуге деген ұмтылыс



күннен күнге артып келеді. Instagram, TikTok секілді платформаларда сыртқы келбетке негізделген контенттің басым болуы көптеген адамды өз келбетінен ұялуға немесе оны өзгертуге итермелейді. Қыз-кейіншектер арасында косметикалық операция немесе «сұлулық инъекцияларын» жасату трендке айналды. Мұның нәтижесінде, жас ұрпақ өзін-өзі бағалауды сыртқы келбетке негіздеп қалыптастыра бастайды.

Психолог Айгүл Сулейменованың айтуынша, лукизмнің негізгі себебі – қоғамдағы стереотиптер.

– Сұлулық – бұл субъективті ұғым болғанымен, әлеуметтік медиа мен масс-медиа оны нақты бір стандарттарға бейімдейді. Бұл тұлғаны өз-өзін төмен бағалауға итермелейді, ал кейде депрессия мен өзін-өзі қабылдамауға алып келеді, – дейді маман.

Басқа да сала мамандары лукизмнің қоғамда теңсіздік тудыратынын алға тартып отыр. Себебі қоғамда сұлулықтың стандарттары көбіне ер адамдардың көзқарасы негізінде қалыптасады. Бұл патриархалды құрылым қоғамдағы гендерлік теңсіздікке алып келеді.

Оңтүстік Корея мемлекеті – пластикалық ота жасаудан алдыңғы қатардан табылатын мемлекеттердің бірі. Мұнда жыл сайын 1 миллионнан астам ота жасалады хәм мұндағы жасосірімдер де медициналық көмекке жүгінеді. Тіпті орта мектепті бітірген кезде пластикалық операция жасау үшін балаларына сыйлық ретінде сертификат сыйлайтын ата-ананы жиі кездестіруге болады. Бұған себеп – мектеп қабырғасындағы буллинг. Сұлулық стандарттарына сай келмейтін балалар жиі буллингтің құрбанына айналады. Қоғамдағы «әдемі болу – табысты болудың кепілі» деген ой балалардың өздерін ерте жастан бағалай бастауына себеп болады. Егер бір баланың сыртқы келбеті қоғамдағы стандарттарға сәйкес келмесе, ол сыныптастары тарапынан мазакқа ұшырауы немесе шеттетілуі мүмкін.

Қоғамдық сананы өзгерту, сыртқы келбет арқылы бағалауды азайту және әртүрлілікті қабылдау арқылы ғана біз әділетті және инклюзивті қоғамға қол жеткізе аламыз. Әдемілік тек бет-бейнеде емес, жүректің жылуында, жанның тазалығында екенін естен шығармаңыз, құрметті оқырман.

Қорлан САРЫ

ҚАР МЕН ҚҰМДАҒЫ ӨНЕРДІҢ ІЗІ

Жан мен тәнді бірдей қинап, суығы сүйегіңнен, қары етігіңнен өтсе де, Астанаң түрлі шамдары хәм инфрақұрылымы ерекше көз тартады. Дегенмен көшедегі өнер туындыларының орны бөлек.

Мәселен, қаланың қарапайым қар тазалаушысы Ирик Шаймерденов өз жұмысына шығармашылықты қоса білген жан. Ол күрек пен кішкентай қалақ арқылы қардан жануарлардың, кейде ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерін жасайды.

Ол Петропавл қаласында туып-өскен. Астанаға қоныс аударғанына 20 жылдан асты. Қарлы мүсіндерімен тұрғындарды қуантып жүрген шебердің төрт ұлы мен төрт немересі бар. Отбасы – оның басты қолдаушылары.

Ирик Шаймерденов осы өнерді бауырынан үйренгенін айтты. Суретші ағасы кезінде қардан мүсін жасап, жарыстарға қатысқанда болашақ шебер оған көмекші болған.

Қазір қаладағы бірнеше мейрамханада қызмет етеді. Қыста қар тазалап, жазда бау-бақшаға қарайды. Ал негізгі мамандығы кең бейінді тракторист-машинист.

Шебердің жұмыстары тұрғындардың ерекше ықыласына ие. Өрине, себебі мүсіндерді махаббатпен жасап, процесс кезінде әр детальға мұқият мән береді.

– Ағам Марат Нұрқанов – 40 жылдық тәжірибесі бар ұстаз. Жанында жүріп, міне осындай

хоббиім пайда болды. Дегенмен бұл істі қолға алғанымға 3 жыл болды. Балаларды қуантқым келеді. Алғашқы жұмыстарым сәтсіз шыққан, бірақ тәжірибе жинап, уақыт өте шеберлігімді арттырдым.

Фитнеске барып, сергіп қалатынымыз секілді, қардан мүсін жасап мен де күш жинаймын. Бұл менің көңілдім көтереді, – дейді шебер.

Мүсіні былай тұрсын қарлы мүсінді жасау тіптен оңай іс емес. Қолыңдағы қарапайым құралдармен жұмыс істей отырып, бір туындыны дайындау үшін 30 минуттан 2 сағатқа дейін уақыт жұмсайды. Әсіресе, жануарлардың бейнесін жасау барысында әрбір сызықтың нақтылығын қадағалайды.

Егер Елордадағы «Республика» даңғылына жолыңыз түссе Ирик Шаймерденовтің туындыларын көре аласыз. Ал жаздықүні қардың орнын күмнен алмастырады.

– Құмнан крокодил мен тасбақа жасап көрдім. Құмсалғыштың шетіне



отырып, бір дүние құрастырғанымда, адамдар тоқтап, суретке түсіре бастайды, – дейді шебер.

Құмнан жасалған еңбектері де елордалықтардың қызығушылығын арттырып, тіпті арнайы келіп көретіндердің саны көбейген. Себебі бұл іс тек күнкөріс қана емес, өнер мен жан рақатының үйлесімі.

Инжу МАРЖАН



Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Абзал ЖОЛТЕРЕК

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Нұршат НЫШАНОВА

Таралымы: 6888
Тапсырыс: 156